

## БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

## Аяз би ертегісінің ерекшелігі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
16.10.2017

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/17276/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

## Бержанова Майра

Пәні	Қазақ әдебиеті	Класс 5 «б»		
Тақырып	«Аяз би» ертегісінің жанрлық ерекшелігі	13.10.2016ж		
Мақсаты	А) Білімділік: Оқушылардың ертегіні қаншалықты меңгергенін анықтау, бас кейіпкердің бойындағы қасиеттерді нақтылап көрсету; Аяз би өмірі жайлы қосымша мәліметтермен таныстыру; Ә) Тәрбиелік: Жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге, сөз қадірін түсінуге, адамгершілікке, адал да әділ болуға тәрбиелеу; Б) Дамытушылық: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, өзіндік пікір айту, жоспар құру дағдыларын дамыту, сөйлеу тілі мен жазу мәдениетін, сыни тұрғыда ойлауын дамыту;			
Күтілетін нәтиже	Тақырыпты меңгеру. Омоним туралы толық мәлімет алады, сөйлемдер ішінен ажырата біледі.	Сауатты жазу		
Кезеңдері	Ресурстар	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Бағалау
Ұйымдас- тыру кезеңі (2 минут)	Көңіл-күй шеңбері. Тілек айту.	Сабақты ұйымдастыру. Оқушыларды түгендеу.	Бір-біріне тілек айту.	Орта қалып тасуы
Қызығу шылық ты ояту (3 минут)	Сабақты жоспарлау Оқушыларға түсінік беру.	Жақсы ахуал туғызуға ынталандыру.		
Мағынаны тану (15 минут)		<p>«Аяз би» ертегісінің жанрлық ерекшелігі  <b>Ол Мадан ханның бірнеше сынынан өтеді. Оған шөп жаманы-қоға, құс жаманы- сауысқан екенін дәлелдеп береді. Ханның тұлпарының сиырға, өзінің қара халыққа шатыстығын айырады. Шартты жұмбағын шешіп, бай қызы Меңді сұлуға үйленеді, ханның күншіл, ақылсыз қырық уәзірін өлімнен құтқарады. Аяздың даналығын, достыққа адалдығын, сертке беріктігін, қайырымдылығын, әділдігін Мадан мойындап, халық қалап, оны хан етіп көтереді»</b>          Ел арасында «Аяз би әліңді біл, Құмырсқа жолыңды біл» деген нақыл сөз содан қалса керек.          Тарихи аңыздарға қарағанда, Аяз би Арал теңізі жағасында өмір сүрген. Оның тарихи адам екендігін Арал теңізінен 200 шақырымдай жерде табылған «Аяз» қаласының орны да дәлелдейді. Аңыздар бойынша Аяз әуелі ханға уәзір, кейін өзі хан болып ел басқарған. Аяз биге қатысты аңызда аталатын «Барсакелмес» деген жер Арал теңізінде орналасқан.          В) Венн диаграммасы          Аяз би қырық уәзір          Г) Жаман мен Меңді сұлудың өзгелерден ерекше қасиеттері (дәптерге жазу)          Жаман-          Меңді-</p>		

**Рефлексия**  
(10 минут)

А) Ойланайық. Ертегі неге «Аяз патша» емес «Аяз би» деп аталған?  
Ә) Жаңа сөздермен жұмыс:  
Қанын жүктемеу – біреудің өліміне себепші болмау.  
Төңірі жазса – құдай қаласа.  
Теңдік тауып — әділдік тауып.  
Нашарларға – кедей, тұрмысы нашар адамдарға.

**Сабақты қорытындылау**

**Үйге тапсырма:** 1. «Аяз би» ертегісін оқу; 2. Мына тақырыптардың біріне өз қиялыңнан ертегі жаз: “Бала би” “Ғажайып адам”

Мазмұндаманы бағалау

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.